

**«Шымкент қалалық жасөспірімдер кітапханасы» және
«Сайрам» медициналық колледжі арасында өзара ынтымақтастық туралы
МЕМОРАНДУМЫ**

« 01 » 01 2022 ж.

«Шымкент қалалық жасөспірімдер кітапханасы» КММ-і атынан Раушан Бабажанқызы Бабажанова және "Сайрам" медициналық колледжінің директоры Баймағамбетова Гүлсім Садыққызы, әрі қарай Тараптар деп аталатын, ынтымақтастық туралы меморандумға (бұдан әрі – Меморандум) қол қойды:

1. Меморандум жасау мақсаты

1.1. Негізгі мақсат – ұлттық құндылықтарды, әдет-ғұрып және салт-дәстүрді, сондай-ақ, тарихи-этнографиялық және мәдени жәдігерлерді жаңғырту, насихаттау, жастардың бойында отансүйгіштік қасиетті арттыру, халқымыздың дәстүрлерін құрметтейтін патриот, оқуға қабілетті жастарды қалыптастыру.

2. Меморандум тапсырушы міндеттері:

2.1. Мәдени іс-шараларға оқырмандарды қатысуын қамтамасыз етуге.

3. Меморандум шеңберінде Тараптардың өзара міндеттемелері:

3.1. Әрбір Тарап бірлескен іс-шараларға барлық тараптардың өкілдерін шақыру;

3.2. Бірлесіп өткізілген іс-шара туралы хабар ету және БАҚ өкілдері мен әлеуметтік желілерге ақпарат ұсыну, сонымен қатар, шақырылған қонақтардың фото - видео шолуын жасау;

3.3. Маңызды іс-шаралар өткізуде серіктестік таныту.

4. Меморандумның шарттары:

4.1. Осы меморандум ерікті ықылас актісі және ашық құжат болып табылады. Тараптар бір –біріне екінші тараптың келісімімен қандай да бір үшінші тарапқа Меморандум жасасу туралы ақпаратты тарату құқығына ие.

5. Меморандумның нысандары

5.1. Меморандумда анықталған ынтымақтастықтың бағыттары бойынша келісімдер, хаттамалар және басқа да құжаттар жасау;

5.2. Меморандум шеңберінде бірлескен шаралардың жоспарын, бағдарламаларын жасау және жүзеге асыру;

5.3. Меморандум тараптары қызметінің өзекті мәселелері бойынша семинарлар, конференциялар, лекциялар, онлайн сабақтар, кездесулер, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру және өткізу;

5.4. Меморандумды жүзеге асыру үшін өзге де қызметтерді орындау.

6. Тараптардың жауапкершілігі:

6.1. Меморандум бойынша тараптар өздерінің мүддесіне тиетін жасырын мәліметтерді, қызметтік және басқа да құпияларды қоса жарияламауына келісті. Мәліметтерге құпия ақпарат мәртебесін беру үшін тараптардың қайсысы болса да жазбаша түрде ниет білдіреді.

6.2. Меморандум қаржыландыру мәселесін қозғамайды. Қаржыландыру қажеттілігі туындаған кезде осы меморандумды орындау шеңберінде тараптармен өзге келісім мен шараларды қаржыландыру мен өткізу тәртібі ескертіледі.

7. Қорытынды ережелер:

7.1 Меморандумға өзара келісім бойынша қосымша шарт жасау арқылы өзгертулер мен толықтырулар енгізуге болады. Өзгертулер мен толықтырулар Меморандумның ажырамас бөлігі болады және тиісті тәртіп бойынша рәсімделінеді және тараптардың өкілетті кісілердің қолдары қойылуы тиіс;

7.2 Меморандум тараптардың, өкілетті кісілердің қолдары қойылған кезден бастап күшіне енеді және ол тараптардың бір жағы екінші жаққа жазбаша түрде меморандумның қолдануын тоқтату туралы ескерту жібергенше әрекетте болады.

7.3 Меморандумның ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туған жағдайда мүмкіндігінше тараптар екі жақтық келіссөз арқылы шешуге уағдаласады.

7.4 Меморандум халықаралық келісім деп саналмайды және халықаралық құқықпен реттелінетін құқықтар мен міндеттерді тудырмайды.

7.5 Меморандум тең заңдық күші бар тараптардың әр қайсысына біреуден берілетін екі данада жасалды.

8. Кітапханадағы жаңа форматтағы қызмет көрсету түрлерін арттыру:

ҚР Мәдениет туралы заңының 5 тарау 24-бабында көрсетілгендей: Мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған мемлекеттік кітапханалар ақысы міндетті сипатта болмайтын және жеке немесе заңды тұлғамен келісім бойынша айқындалатын, өздерінің негізгі қызметіне қатысы жоқ тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетуге құқылы. Мұндай тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен ақша Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес пайдаланылады.

- 1) жеткізгіштердің, форматтардың, стандарттардың барлық түрінен көшірмелер дайындауға және оларды өңдеуге;
- 2) кемтар азаматтар үшін материалдар дайындауға;
- 3) құжаттарды талдамалы - синтетикалық өңдеуге және қосымша библиография жасауға;
- 4) қолжазбаларды, құнды кітаптарды және құжаттарды реставрациялауға;
- 5) көшпелі ақпараттық - көрме іс-шараларын ұйымдастыруға;
- 6) білім беру және аудармашылық қызметтерін көрсетуге;
- 7) қолжазбаларға және құнды кітаптарға сараптама жасауға;
- 8) байланыс операторымен шарт негізінде Интернет желісі қызметтерін ұсынуға;
- 9) құжаттарды электронды жеткізуге, тақырыптық ақпарат іздестіріп, құрастыруға;
- 10) экскурсиялық қызмет етуге, фото, бейне түсірілімдер жасауға;
- 11) кітапхана шығарған оқу-әдістемелік әдебиетті және басқа да оқу құралдарын өткізуге құқығы бар.

8. Екі жақтың мәліметтері мен қолдары:

«Сайрам» медициналық колледжі
Шымкент қ., Сайрам, Әмір Темір
көшесі, 204 а
Тел.: 87472335991

«Шымкент қалалық жасөспірімдер
кітапханасы» КММ-і
Шымкент қ, Т. Орынбаев көшесі, 21а,
тел.: 54-86-39.

Директор

М.О

Г.С. Баймағамбетова



Директор

М.О

Р.Б. Бабажанова

